

**II апта (7-11 ақпан, 2022 жыл)
№9 «Балдырған» кіші топ**

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Апталық тақырып: «Мамандықтың бәрі жақсы»

Мақсаты: Балаларға көліктер туралы түсініктер айту, олардың түрлерімен таныстыру арқылы өздерін қоршаған орталары туралы ұғымдар беру, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;
- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 7.02.2022	Сейсенбі 8.02.2022	Сәрсенбі 9.02.2022	Бейсенбі 10.02.2022	Жұма 11.02.2022
Балаларды қабылдау	Балалармен амандасу, тазалықтары мен дене қызуы мен жарақаттары жоқ па тексеріп, қабылдау. Демалыс күндері қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу.				
Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата- аналармен амандасу. Балаларды кешікпей және уақытылы алып кетуді сұрау.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)	<p>Дидактикалық ойын: «Алыста ма жақында ма?» Мақсаты: затқа дейінгі аралықты өлшеу, жақын ба, алыс па. Қажет сөздерді қолдана білу.</p>	<p>Психологиялық жаттығу. "Топ ішіне саяхат" Балалар бірінің артынан бірі тіркесіп, "Пойыз вагондары" іркес-тіркес күйінде тізіліп саяхатқа шығады. Топтың бөлме атауларымен, олардың қандай қызметке арналғандығымен таныстыру. Әр аялдамада балалар өздерінің зеректігін байқатып заттардың қай жерде тұрғанын бақылап естеріне сақтауы тиіс.</p>	<p>Саусақ ойыны: Тық-тық, тық-тық, Тұр орыннан бас бармақ, Балаң үйрек сен де тұр. Орған терек, сен де тұр, Шылдыр шүмек сен де тұр, Титтей бөбек қане тұр, Саусақтарым, ал жүгір. Үстел үстінде жасалатын жаттығу . Саусақтар үстел үстінде жатады. Айтылатын сөзге байланысты, саусақтарды кезек-кезек көтеріп, үстел үстінде «жүгіртіміз»</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Сүйікті қаламызға саяхат». Мақсаты: Туып -өскен қаласы туралы білімдерін бекіту, үлкендер еңбегі, автокөліктердің түрлерімен танысу.</p>	<p>Қимылдық ойын: «Доппен ойнау» Мақсаты: «Жоғары-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.</p>

Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығу кешені "Әуенмен"				
Таңғы ас	Тамақты төкпей-шашпай, ұқыпты ішуге үйрету. Ас ішерде күнде біз, Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз білмейміз.				
Ұйымдастырылған оқу – қызметіне дайындық	<p>Саусақ ойыны: "Кіріп" жаттығуы. Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектерін жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарай ма?</p>	<p>Ойын- жаттығу "Ақ қоян" Ақ қоян-ау, ақ қоян, Орныңнан тұрсаңшы Бетіңді жусаңшы. Айнаға кара, Шашыңды тара.</p>	<p>Қимылдық ойын: «Гүлдер тереміз». Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, алғырлыққа баулу.</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Күн" жаттығуы. Қолдарын бір-біріне айқастырып, саусақтарының арасын ашып, күн сәулесі сынды қимыл жасайды. Жарқырайды күннің көзі, Нұрын шашып далаға. Күн сәулесін төгеді, Бақыт сыйлап балаға.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Түстерді ажырат". Мақсаты: Балаларға түстерді ажыратуды үйрету.</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	<p>"Таным" Жаратылыстану Тақырыбы: «Кімге не қажет?» (дид. ойын) Мақсаты: Балаларды мамандықтар туралы айта келіп, дүкенші, дәрігер мамандықтарының негізгі кәсіптерімен таныстыруды жалғастыру. Мамандардың еңбек құралдарымен, қалай пайдалану туралы түсінігін қалыптасыту, баланың есте сақтау, есту, зейінін дамыту. Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап,</p>	<p>"Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мен болашақ спортшымын» Мақсаты: Түрлі мамандықтар иелері, олардың атқаратын қызметтері туралы түсініктерін кеңейту, олардың қолданатын құралдары, адам өміріндегі мамандықтың маңыздылығын түсіне білу. Мақсатқа жету үшін ойын барысында қалай әрекет ету керектігін</p>	<p>"Қатынас " Көркем әдебиет Тақырыбы: «Аспаз» (өлең) Н. Әлімқұлов Мақсаты: Өлеңді есте сақтауға, тәрбиешіден кейін қайталауға үйрету. Балаларды әдептілікке, сыйластыққа тәрбиелеу. "Шығармашылық" Сурет салу Тақырыбы: «Тәтті кәмпіштер» Мақсаты: Мамандық иелерімен таныстыруды жалғастыру, дүкенші мамандығы туралы</p>	<p>"Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дәрігер болу арманым» Мақсаты: Балаларға әр мамандықтың түрлі және олардың қиыншылықтары мен күрделігін түсініп, сезіне білуге үйрету. Үлкендердің әр мамандық иелерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Балардың заттық әлем туралы</p>	<p>"Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Үшқыш болғым келеді» Мақсаты: Балаларға әр мамандықтың түрлі және олардың қиыншылықтары мен күрделігін түсініп, сезіне білуге үйрету. Үлкендердің әр мамандық иелерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Балалардың зейінін дамыту; қимыл-қозғалыс тәжірибесін дамыту. Балалардың заттық әлем туралы түсініктерін молайту. "Таным " Құрастыру</p>

	<p>дидактикалық ойын, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: такырышка байланысты суреттер</p> <p>Дидактикалық ойын: "Нені қайда қоямыз?"</p> <p>Мақсаты: әр заттың өз орны бар екенін айтып түсіндіру. Балаларды ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>түсіндіріп, шешім қабылдауға үйрету.</p> <p>"Шығармашылық"</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Мен ғарышкер боламын»</p> <p>А. Досмағамбет</p> <p>Мақсаты: Мамандықтар туралы түсінік қалыптастыру. Әнді анық айтуға үйрету.</p> <p>Музыкалық – ырғақты кимыл: «Қатты және жәй»</p>	<p>әңгімелей отырып, тәтті кәмпіттердің суретін салуға үйрету.</p> <p>Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, жұмбақтар шешу, дидактикалық ойын, сергіту сәті, қорытындылау, сұрақ-жауап, мадақтау.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: такырыпқа байланысты суреттер</p> <p>Дидактикалық ойын: "Тапсырма"</p> <p>Мақсаты: баланы берілген тапсырманы мұқият тыңдап, тиянақты орындауға үйрету. Тәрбиешінің тапсырмаларын қайталатып, сөз тіркестерін игерту.</p>	<p>түсініктерін молайту.</p> <p>"Шығармашылық"</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Мен ғарышкер боламын»</p> <p>А. Досмағамбет</p> <p>Мақсаты: Әнді анық айтқызып, қайталату</p> <p>Музыкалық – ырғақты кимыл: «Қатты және жәй»</p>	<p>Тақырыбы: «Төбешію»</p> <p>Мақсаты: Құрылысшы мамандығы туралы түсінік беру, балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагог ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеністікте дұрыс орналастырып, төбешік құрастыру.</p> <p>Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, кимылды ойын, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: такырыпқа байланысты суреттер</p> <p>Қимылды ойын: "Допты домалат"</p> <p>Мақсаты: балаларға дотарды домалатуды үйрету. Тапсырманы түсініп орындауды қалыптастыру. Қолдың ұсақ мускулатурасын дамыту.</p>
Серуенге дайындық	Балаларды өз беттерімен	реттілікпен киіне білулеріне үйрету.	Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету.		
Серуен	<p>1. Бақылау: Боранды желді бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Қардан камал тұрғызу.</p> <p>3. Қимылдық ойын: «Екі аяз».</p> <p>Мақсаты: белгі бойынша</p>	<p>1. Бақылау: Боранды күн бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Ағаш түптеріне қар үю.</p> <p>3. Қимылдық ойын: «Шанамен сырғанау».</p> <p>Мақсаты: еркін ойнауға, тез, шапшаң</p>	<p>1. Бақылау: Қалың қарды бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Алаңды қардан тазалау.</p> <p>3. Қимылдық ойын: «Сырғанақ тебу».</p> <p>Мақсаты: баланың кимыл-қозғалысын</p>	<p>1. Бақылау: Қарғаларды бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу.</p> <p>3. Қимылдық ойын: «Пингвиндер доп ойнап жүр».</p>	<p>1. Бақылау: Ауа-райын бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Өз-өзіне қызмет ету.</p> <p>3. Қимылдық ойын: "Сырғанақ тебу".</p> <p>Мақсаты: баланың кимыл-қозғалысын дамыту.</p>

	аудара білу дағдыларын дамыту. 4. Жеке жұмыс: Әлинұрдан қар, аққала туралы әңгімелесу. 5. Еркін ойындар.	қимылға үйрету. Достыққа тәрбиелеу. 4. Жеке жұмыс: Аяладан түстерді үш тілде сұрау. 5. Еркін ойындар.	дамыту. Достыққа тәрбиелеу. 4. Жеке жұмыс: Ақбаянмен көп және аз ұғымдарын ажыратуға үйрету. 5. Еркін ойындар.	Мақсаты: екі аяқ арасына допты қыстырып жүруге үйрету. 4. Жеке жұмыс: Рахманнан өзі білетін тақпағын сұрап, айтқызу. 5. Еркін ойындар.	Достыққа тәрбиелеу. 4. Жеке жұмыс: Сезімнен түстерді сұрау. 5. Еркін ойындар.
Серуеннен оралу	Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Беті-қолдарын жуу, сабындау.				
Түскі ас	Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыруға дағдыландыру. Балаларға қолдарын жуу дағдысына, қолдарын құрғатып сүртуге, қол жуған кезде бірін-бірі итермеуге үйрету. Өз орындарына ыңғайлы отыруларын естеріне салу. Тамақты ұқыпты ішу, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. Тамақ ішу кезінде сөйлемеуге, жан-жағына қарамауға үйрету.				
Ұйқы	Балаларға ертегі айта отырып ұйықтату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Бас, қол, аяқтарына керілу, созылу қимыл- қозғалыс жаттығуларын жасату.				
Бесін ас	Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет.	Доппен ойындар ұйымдастыру: бір-біріне жалғау, домалату. Ойынға барлық балаларды тарту.	Дидактикалық ойын: "Затты ал" Мақсаты: балаларға тапсырманы тез әрі дұрыс орындарды үйрету.	Балаларға "Бауырсақ" ертегісін фланелеграф арқылы көрсету айтып беру. Ертегі арқылы тілдерін дамыту.	"Балабақша" әнін балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай, бірге айтуға үйрету.	Сюжеттік ойын: "Дәрігер". Мақсаты: үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Ернұрмен қимыл-қозғалыс жаттығуларын жасау.	Сезімнен қимылды ойын ойнау.	Мағжанмен суреттен жануарларды көрсете отырып, олардың сипаттық ерекшеліктерін атай білуді үйрету.	Ақбаянмен айтылған сөзді анық, даусын шығарып, дұрыс қайталап айтуға үйрету.	Инжуден түстерді ажыратуды үйрету.
Серуенге дайындық	Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету.				
Серуен	1.Бақылау: Қарды бақылау.	1.Бақылау: Ағаштарды бақылау.	1.Бақылау: Кешкі ауа райын бақылау. 2. Қимылдық ойын:	1.Бақылау: Көліктерді бақылау. 2.Қимылдық ойын:	1.Бақылау: Аспанды бақылау 2. Қимылдық ойын:

	«Күн мен жаңбыр». Мақсаты: балаларды жылдамдыққа үйрету. 3.Еркін ойындар	«Ұшақтар». Мақсаты: балаларды қолдарын тіке ұстауға, жылдамдыққа тәрбиелеу. 3.Еркін ойындар	«Торғайлар мен мысық». Мақсаты: балаларды аңғарымпаздыққа үйрету. 3.Еркін ойындар	«Пойыз». Мақсаты: балаларды бір-бірінің соңынан тіке жүре білуге үйрету. 3.Еркін ойындар	«Күн мен түн». Мақсаты: балаларды жылдамдыққа баулу. 3.Еркін ойындар
Балалардың үйіне қайтуы.	Ата-аналарға балаларының қарындашты дұрыс ұстауларына үйде де жұмыс жасауларын айту.	Ата-аналарға балалардың дене формаларын сақтауларын айту.	Ата-аналарға балалардың мінез-құлықтарына байланысты мәлімдеме беру.	Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді өтіну.	Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.